ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№6/3 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



ЖАНҚОЖА БАТЫР
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

Омар Есенәлі Омарұлы, Абдибекова Алия Сейделдаевна
Ұлттық фольклорды тәрбие әрекеттерінде пайдалануды жетілдіру (эксперимент нәтижесінде)......209

Оразаева Гульжан Сериковна, Бейсен Назира Алмазкызы
Успешное становление читательской компетенции у детей с особыми образовательными потребностями 213

Сейітқазы Перизат Байтешқызы, Ахметова Айгүл Арғынқызы
Кәсіби-бағдарлы медиабілім болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде........217

Тураева Айгүл, Мауленбердиева Гүлжан, Кішібаева Дариха
Болашақ мұғалімнің рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру 222

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Абилхамитқызы Рысгүл, Сағатова Шолпан
Қазіргі қазақ поэзиясында «Мәңгілік ел» идеясының жырлануы 225

Абильдаева Кениш Махановна, Айсеева Назира Нуржановна
Антропонимическая картина мира современного казахского языка советского периода (1920-1991) 231

Адырбекова Мауе Колибаевна, Желтухина Марина Ростиславовна
Графические стилистические характеристики газетных заголовков в персуазивном дискурсе........236

Азербаева Анара Маратбековна
Образ дома в произведениях американских и британских писателей 239

Алмауытова Әсия Базарбайқызы, Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы
«Тіл мен мәдениет» сабақтастығының материалдық мәдениет атауларындағы көрінісі........244

Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы, Алмауытова Әсия Базарбайқызы
Ортағасырлық түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің этнолингвистикалық мәні........249

Аубакирова Құндызай Қыдырбай, Шакмарданова Айгерім Сахиқызы
Тілдер контактологиясы: түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары........255

Ashinova Kunipa Akhatovna, **Murzagaliyeva Maral Kazkenovna**
The morphological organization of diplomatic terms 260

Әубәкір Жандос Мағазбекұлы, Әубәкірова Нұргүл Әрінқызы
Ақылбай Абайұлы шығармашылығындағы кавказ тақырыбы 263

Байжігіт Ботагөз Сабитқызы
Функции абсурда в речевой сфере персонажей (Л. Петрушевская «пуськи бятые»)........267

Бияров Бердібек Нуралдинович, Құсманова Күлжібек Аскенқызы
Абай туып-өскен өлкенің жер-су аттары........271

Бейсенова Жайнагуль Сабитовна, Жаныбекова Багдагуль Нурхатовна
Вклад ученых в теорию жанрологии: концепция жанра Рымгали Нургали........274

Даутқұлова Ақмарал Қалиярбекқызы
Жыраулар поэзиясындағы гидронимдер........280

Даутова Сауле Баттловна, Оспанова Баянды Рамазановна
Әл-фараби түркі ренессансының көшбасшысы 284

Джурабаева Кенжегул Ильясқызы
Сахна тілін оқытудың әдістемелік мәселелері 289

Zhetpisbayeva Kaluash Berikovna, **Jubatova Bayan Nursultanovna**
National and cultural connotation of color names in persian........294

Жұмағалиева Рита Рахманқызы
Абайдың алдындағы ұлылық 299

Звонарёва Лола Уткировна, Звонарёв Олег Викторович
Искушаемые мифическим востоком. Восток и творчество поэтесс Серебряного века 302

Kakzhanova Fazira. Aydarkhanovna, Kamzanov Dauren
To the question of aspect category in Chinese 309

ӘОК 811’271

Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы
PhD доктор, аға оқытушысы
Шетел тілдері және аударма кафедрасы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Алмауытова Әсия Базарбайқызы
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Түйін. Берілген мақалада ортағасырлық араб және түркі-қыпшақ тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде мәмлүктер билігі тұсындағы (XIII-XV ғ.) түркі-араб мәдени және тілдік байланыстары қарастырылады. Сонымен қатар этнолингвистикалық дереккөз ретінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің тарихи-мәдени және лексика-семантикалық ерекшеліктері сипатталады. Ұлттың өзін-өзі тануы үшін оның өткен тарихында қандай халықпен қарым-қатынас жасап, қандай мәдениетпен байланыста болғандығын және әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу міндет. Сондықтан қазіргі кезде халықтардың рухани құндылықтарын қайта жаңғыртып, ұлт тарихын терең зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Түркі тілдерінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, мәмлүктердің шығу тегін анықтауда XIII-XV ғасырларда түркі-қыпшақ тілінде жазылған қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты мәдени-тарихи жәдігерлер құнды дереккөз болып табылады.
Түйінді сөздер: түркі-қыпшақ тілі, жазба ескерткіштер, этнолингвистика, мәдениет.
Резюме. В данной статье рассматриваются тюркско-арабские культурно-языковые контакты при мамлюкской власти (XIII-XV вв.) на основе средневековых арабских и тюркско-кыпчакских письменных памятников. А также, в качестве этнолингвистического источника описываются историко-культурные и лексико-семантические особенности письменных памятников на мамлюкско-кыпчакском языке. Для самоидентификации нации необходимо знать, с какими народами она имела отношения в истории, с какими культурами была связана и какой вклад внесла в мировую цивилизацию. В связи с этим, в настоящее время возникает необходимость в возрождении духовных ценностей народов и в углубленном изучении национальной истории. Культурно-исторические памятники, касающиеся культуры и языка кыпчаков, написанные в XIII-XV веках на тюркско-кыпчакском языке, являются ценным источником в изучении формирования и исторического развития тюркских языков, определении происхождения мамлюков.
Ключевые слова: тюркско-кыпчакский язык, письменные памятники, этнолингвистика, культура.
Summary. The article discusses the Turkic-Arabic cultural and linguistic contacts in the Mamluk period (XIII-XV centuries) on the basis of medieval Arabic and Turkic-Kipchak written monuments. Also, as an ethnolinguistic source, historical, cultural and lexical-semantic features of the monuments, written in the Mamluk-Kipchak language are described. For self-identification of the nation it is necessary to know with what nations it had relations in history, with what cultures it was connected and what contribution it has made to the world civilization. At this point at the present time, there is a need for revival of spiritual values of nations and a deep study of the national history. The cultural and historical monuments, related to the culture and language of the Kipchaks and written in XIII-XV centuries in the Turkic-Kipchak language, are valuable sources in studying of formation and historical development of the Turkic languages and defining the origin of the Mamluks.
Keywords: the Turkic-kipchak language, written monuments, ethnolinguistics, culture.

Лингвистикалық деректерде сақталған тілдік элементтер мен бірліктер лингводеректанудың нысаны болып табылады. Лингвистикалық деректанудың дамуына белгілі бір кезеңдегі халықтардың тілі мен тарихи-мәдени жағдайын анықтауға деген ұмтылыс өз әсерін тигізді. Тарихта сақталған түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер XX ғасырдың орта кезеңінен бастап жан-жақты зерттеле бастады. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған қолжазбаларда берілген әрбір сөз өзіндік елтанытқыш қызметке ие және ондағы қыпшақ тіліндегі сөздер тек мәмлүк-қыпшақтарының ғана емес, қазақ халқының да салт-дәстүрі, әдет ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі туралы дереккөз бола алады. Кез келген сөздің лексикалық, лексика-грамматикалық, грамматикалық мағыналары болуымен қатар тілдік мағыналары да болады. Лексикалық, лексика-грамматикалық,

грамматикалық мағыналар сөздің номинативтік, коммунативтік, экспрессивтік, кумулятивтік қызметтері негізінде қалыптасса, тілдік мағыналар тілдік жүйе негізінде қалыптасады. Кез келген тіл адам өмір сүрген қоғаммен, сол кездегі мәдени өмірмен тығыз байланысты. Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады [*Манкеева Ж.А., 1997*].

XIII-XV ғасырлардағы түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердегі тілдік материалдардан орта ғасырдағы түркі халықтарының қоршаған орта, табиғи құбылыстар, адам болмысы және жалпы түркі халықтарына тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі туралы ақпарат алуға болады. Себебі V-XV ғасырлар аралығында дүниеге келген жазба ескерткіштер бүкіл түркі халықтары үшін ортақ мұра болып табылады. Оның үстіне мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің тілін зерттей отырып, ондағы сөздердің басым көпшілігі ерте заманнан бері келе жатқан, осы күнгі түркі тілдес халықтардың негізгі сөздік қорында қалыптасқан жалпы түркілік сипаттағы сөздер екендігі анықталған. Сөздердің бір тобы кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, тұлғалық-лексикалық мағынасы сақталып қалған. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі тілдік материалдар түркі халықтарының дүниетанымы мен наным-сенімдерін зерттеуде де құнды дереккөз бола алатындығы анық. Мәмлүктер билігі тұсында жазылған лингвистикалық еңбектерде әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени реалиялардың көрінісі болып табылатын қыпшақ тіліндегі көптеген лексикалық оралымдар мен термин сөздердің араб тіліндегі аудармалары беріледі.

Түркітанушы ғалым М.Қ. Ескеев: «Көне жазба ескерткіштері мәтіндерінің лингвофилософиялық негіздерін тіл-адам, тіл-болмыс, тіл-таным, тіл-ойлау, тіл-мәдениет жұптарының сабақтастығында зерделеу – жалпыадамзат өркениетіндегі түркі өркениетінің мәртебесін айқындауға септігін тигізеді. Адамзат коммуникациясының универсалды құралы саналатын таңбалар жиынтығы қоғаммен, әлеуметпен тікелей байланысты, ол белгілі бір әлеуметтік ортаның болмысынан туындай отырып, қоғам мүшелерінің өзара сұхбаты мен қарым-қатынасына бағытталады» деп, тіл арқылы белгілі бір халықтың, қоғам мүшелерінің тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, рухани болмысын айқындауға болатынын көрсетеді [*Ескеев М.Қ., 2011, б. 110*].

Мәмлүктер билігі тұсында Мысыр мен Шам жерлерінде дүниеге келген аталған жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы түркі-мәмлүктерінің Мысыр қоғамында алған орнын анықтауға болады. Осындай мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерден мәмлүктер билігі тұсындағы қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты көптеген құнды лексикалық материалдар алуға болады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, кейбір халықтардың этностық мәселелерін шешуде үлкен маңыздылыққа ие.

XIII-XV ғасырлардағы түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердегі тілдік материалдардан орта ғасырдағы түркі халықтарының қоршаған орта, табиғи құбылыстар, адам болмысы және жалпы түркі халықтарына тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі туралы ақпарат алуға болады. Себебі V-XV ғасырлар аралығында дүниеге келген жазба ескерткіштер бүкіл түркі халықтары үшін ортақ мұра болып табылады. Оның үстіне мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің тілін зерттей отырып, ондағы сөздердің басым көпшілігі ерте заманнан бері келе жатқан, осы күнгі түркі тілдес халықтардың негізгі сөздік қорында қалыптасқан жалпы түркілік сипаттағы сөздер екендігі анықталған. Сөздердің бір тобы кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, тұлғалық-лексикалық мағынасы сақталып қалған. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі тілдік материалдар түркі халықтарының дүниетанымы мен наным-сенімдерін зерттеуде де құнды дереккөз бола алатындығы анық. Мәмлүктер билігі тұсында жазылған лингвистикалық еңбектерде әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени реалиялардың көрінісі болып табылатын қыпшақ тіліндегі көптеген лексикалық оралымдар мен термин сөздердің араб тіліндегі аудармалары беріледі.

Мәмлүктер билігі кезінде жазылған жазба ескерткіштерде берілген түркі-қыпшақ сөздерінің көбі қазіргі кездегі түркі халықтарының сөздік қорында, оның ішінде қазақ тілінде кездесетін ерте заманнан бері келе жатқан жалпы түркілік сипаттағы сөздер. Мұндағы кейбір сөздердің тобы фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғасы мен лексикалық мағынасын сақтап қалған. Бұл сөздер кейінгі дәуірлердегі ескерткіштер тілінде де кездесетін қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздер болып табылады. Қолжазбалардағы өзгеріске ұшыраған сөздер фонетикалық тұлғасы арқылы ерекшеленеді. Мұндай сөздердің көбі дыбыстардың түсірілуі немесе басқа дыбыстармен алмасуы сияқты фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. «Тәржуман», «Әд-Дурра», «Әл-Қауанин» жазба ескерткіштеріндегі тілдік материалдардан азды-көпті оғыз тілінің элементтері кездескенімен, көптеген тілдік құбылыстардың қазіргідей тұрақталғанын, басқа ескерткіштердің тіліне қарағанда қазіргі қазақ тіліне жақындығын көре аламыз. Олай болса, ескерткіштің тілдік материалдары қыпшақ тобындағы тілдердің тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады [*Қалиева Ш.С., 2014, б. 110*].

Қолымызда жинақталған Тәржуман», «Әд-Дурра» және «Әл-Қауанин» жазба ескерткіш-

терінің сөздік бөлімінде берілген түркі-қыпшақ тілінің лексикасына талдау жасалды. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған ескерткіштерде кездесетін сөздердің бір тобын **табиғат пен жануарлар әлемі** лексикасы құрайды. Осы қатарға жататын сөздерді бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады.

а) Табиғат денелерінің, құбылыстардың атаулары. Табиғат денелері мен құбылыс атауларының көпшілігі кейбір дыбыстық ерекшеліктерімен қазақ тілінде кездесетін жалпытүркілік сөздер қатарына жатады. Кейбір сөздердің оғыз және қыпшақ тіліндегі екі нұсқасы да кездеседі. Сөздіктегі сөздер «Кодекс куманикус» және алтынордалық жазба ескерткіштер тілінде де кездеседі. Бұл мәмлүк-қыпшақ тілінің Алтын Орда халықтарының тілімен жақындығын дәлелдей түседі. Сөздіктерде темірқазық, үркер сияқты жұлдыз атауларының кездесуі жалпы ортағасырлық түркі халықтарының дүниетанымында ғаламды, ғарышты тануға деген ұмтылысын байқауға болады. Көшпелі халықтардың өмірлік тәжірибесінде аспан денелерінің, әсіресе, жолаушыға бағыт-бағдар беретін темірқазық жұлдызы үлкен маңызға ие болған.

Тәржұман	Әд-дурра	Әл-Қауанин	Мағынасы
بلط [bulıt]	بلوط [bulut]	بلط [bult]	бұлт
طمان [tuman]	طومان [tuman]	طمان [tuman]	тұман
يلدرم [yıldırım]	يلدرم [yıldırım]	يلضرم [yıldırım]	найзағай
يغمور [yaňmur]	يغمور [yaňmur]	يمغور [yamğur]	жаңбыр
قر [qar]	قار [qar]	قار [qar]	қар
بز [buz]	بوز [buz]	بوز [buz]	мұз
يلدز [yulduz]	يلدز [yulduz]	يلضز [yulduz]	жұлдыз
الكر [ülker]	-	يادكار [yadigar]	үркер
تمرخازوق [temirḫazuq]	تمرغازق [temirqazıq]	تمرخازوق [temirḫazuq]	темірқазық
كناش [küneš]	كناش [küneš]	كناش [küneš]	күн
اي [ay]	اي [ay]	اي [ay]	ай
تبرق [topraq]	طبراق [topraq]	طبرق [topraq]	топырақ
طاغ [tağ]	طاغ [tağ]	طاغ [tağ]	тау
طاش [taš]	طاش [taš]	طاش [taš]	тас
قم [qum]	قوم [qum]	قوم [qum]	құм
بلشق [balšıq]	بالشق [balšıq]	بلشق [balšıq]	балшық
ير [yer]	يير [yer]	ير [yer]	жер
الطن [altun]	الطن [altun]	الطن [altun]	алтын
كمش [kümüš]	كمش [kümüš]	كمش [kümüš]	күміс
اخشا [aḫša]	اخشا [aḫša]	اخشا [aḫša]	ақша
دمور [demür]	دمور [demür]	تمر [temir]	темір
قرغشين [qorğašın]	قرغشين [qorğašın]	قرغشن [qorğašın]	қорғасын
باقر [baqır]	باقر [baqır]	باقر [baqır]	мыс

Табиғат денелері мен құбылыстардың атауларын іштей төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1) **табиғат құбылыстарын білдіретін сөздер:** بلط [bulut] – бұлт; طمان [tuman] – тұман; يلضرم [yıldırım] – найзағай; يمغر، يغمر، يغمور [yaňmur], [yağmur], [yamğur] – жаңбыр екеуі де қолданыстағы әдеби сөздер; شق [šıq] – шық; قار [qar] – қар; بوز [boz] – мұз, ير [yer] – жер; طز [toz] – тоз, тозаң; طبرق [topraq] – топырақ; طاغ [tağ] – тау және тау طاو [taw] деп те айтылады; درا [dere] – аңғар; طاش [taš] – тас; قوم [qum] – құм; بلشق [balšıq] – балшық.

2) **металл атаулары:** الطن [altun] – алтын; كمش [kümüš] – күміс; اخشا [aḫša] – ақша, соғылған дирһемдер, кейбіреулер يرمق [yarmaq] деп атайды; قرغشن [qorğašın] – қорғасын; باقر [baqır] – мыс; تمر [temir] – темір.

3) **астрономиялық атауларды білдіретін сөздер:** يلضزلار [yulduzlar] –жұлдыздар, жеке-ше түрі يلضز [yulduz] – жұлдыз; يادكار [yadigar] – үркер; تمرخازوق [temirḫazuq] – темірқазық таңға дейін батпайтындықтан осылай аталған; كناش [küneš] – күн, اي [ay] – ай, كوك [kök] – көк, аспан;

4) **географиялық атауларды білдіретін сөздер:** صو [suw] – су; طاطلي صو [tatlı suw] – тәтті су; اجي صو [ašši suw] – ащы су; تنكز [teňiz] – теңіз; اجي تنكز [ašši teňiz] – ащы теңіз; ططلي تنكز [tatlı teňiz] – тәтті теңіз;

ә) Ағаштар, өсімдіктер, жеміс-жидектер мен көкөністердің атаулары. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерде ағаштар, өсімдіктер мен гүлдер, жеміс-жидек, дәнді-дақылдар мен көкөністер атаулары жеке-жеке бөлім ретінде берілген. «Әд-Дурра» еңбегінде осы топқа жататын шамамен жүзге жуық сөз кездеседі, бұл сөздіктегі лексикалық қордың 9%-ын, «Әл-Қауанинде» 8%-ын құрайды. Өсімдіктер атауларына жасалған талдаудан түркі тілдес халықтардың ерте заманнан бері орман және ондағы өсімдіктер мен

жануарлар әлемін жақсы білгендігін байқауға болады [*Мусаев К.М., 1975*]. Бұл өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жалпы түркі халықтарының өмірлік тәжірибесінде маңызды орынға ие болғандығын көрсетеді.

Тәржұман	Әд-дурра	Әл-Қауанин	Мағынасы
أغاج [ağaš]	أغاش [ağaš]	أغاش [ağaš]	ағаш
يبراق [yapraq]	يبراق [yapraq]	يبرق [yapraq]	жапырақ
بوتاق [butaq]	بداق [budaq]	بطق [butaq]	бұтақ
تكان [tiken]	تكان [tiken]	تكنك [tikenek]	тікенек
جيجاك [çiçek]	جيجاك [çiçek]	شيشك [çiçek]	гүлдер
أكن [egin]	أكن [egin]	-	егін
-	-	كلف [gülef]	гүл
يامش [yemiš]	يامش [yemiš]	يمش [yemiš]	жеміс
الما [alma]	أل مه [alma]	الما [alma]	алма
ارمت [armut]	أرمورط [armurt]	ارمط [armut]	алмұрт
انار [anar]	انار [anar]	نار [nar]	анар
يزوم [yüzüm]	يزوم [yüzüm]	يزم [yüzüm]	жүзім
-	شفتالوا [šaptalu]	شفتلوا [šaptalu]	шабдалы
انجر [injir]	انجر [injir]	انجر [injir]	інжір
خورمه [ẖurma]	خورمه [ẖurma]	قرمه [qurma]	құрма
-	حيوا [ẖaywa]	حيوا [ẖaywa]	айва
قربز [qarbuz]	قربوص [qarbus]	قربوص [qarbus]	қарбыз
قاون [qawun]	قاوون [qawun]	قاون [qawun]	қауын
بغدي [buğday]	بغداي [buğday]	بغضي [buğday]	бидай
اربا [arba]	ارفه [arfa]	ارفه [arfa]	арпа
-	نخوط [noẖut]	نخط [noẖut]	ас бұршақ
مرجماك [merjemek]	مرجماك [merjemek]	مرجمك [merjemek]	жасымық
ططرغان [tuturğan]	ططرغان [tuturğan]	ططرغن [tuturğan]	күріш
سلقوم [šalqum]	شلغام [šalğam]	شلقام [šalqam]	шалқан
صوغان [soğan]	صوغان [soğan]	صوغان [soğan]	пияз
سرمساق [sarmısaq]	صرمساق [sarmısaq]	سرمسق [saramsaq]	сарымсақ
-	كاشر [kešür]	كشر [kešür]	сәбіз

г) Үй жануарларының атаулары. Түркітану саласында үй жануарларының атауларын зерттеу үлкен маңызға ие. Зерттеудің дереккөзі ретінде алынған ескерткіштерде де біраз үй жануарларының атаулары берілген. Бұл бөлімдегі алғашқы атау – «ат» сөзі. Бұл сөз ортағасырлық жазба ескерткіштердің көпшілігінде кездеседі. М. Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XV ғасыр жазба ескерткіштер негізінде)» атты еңбегінде «Хұсрау мен Шырын», «Нахж әл-Фарадис», «Мұхаббат наме», «Гүлістан би-түрки» ескерткіштерінің барлығында ат, қой сөздері кездесетіндігі айтылады [*Сабыр М., 2004, б. 130*]. «Әд-Уррада» жылқы жануарына қатысты сөздер бөлек тарау ретінде қарастырылса, «Тәржұманда» үй жануарларының атаулары «жылқы, оның жыныстары мен түстері» (الخيل وأجناسها وألوانها [al-ẖaịlu ụa ʹağnāsuhā ụa ʹalụānuhā]), «түйе және сиыр» (الجمال والبقر [al-ğimālu ụa-l-baqar]), «қой және ешкі» (الغنم والماعز [al-ġanam ụa-l-mā’iz]) деп бірнеше тараушаға бөлініп берілген.

Тәржұман	Әд-дурра	Әл-Қауанин	Мағынасы
اط [at]	اط [at]	اط [at]	ат
طاي [tay]	طاي [tay]	طاي [tay]	тай
قسرق [qısraq]	قصراق [qısraq]	قسرق [qısraq]	қысырақ
ايغر [ayğır]	ايغر [ayğır]	ايغر [ayğır]	айғыр
قاطر [qatır]	قاطر [qatır]	قطر [qatır]	қашыр
قودق [qoduq]	قودوق [qoduq]	قدق [qoduq]	қодық
توا [tewe]	دوا [dewe]	دوا [dewe]	түйе
قيون [qoyun]	قيون [qoyun]	قيٌن [qoyun]	қой
قوزي [qozı]	قوزي [qozı]	قزي [qozı]	қозы
قجقار [qošqar]	قجقار [qošqar]	قجقار [qošqar]	қошқар
كجي [keši]	كاشي [keši]	كشي [keši]	Ешкі

صغر [sağır]	صغر [sağır]	صغر [sağır]	сиыр
بزغ [buzağ]	بزغ [buzağ]	بزغ [buzağ]	бұзау
صواصغري [susıgır]	صواصغري [susıgır]	صو صغر [susıgır]	буйвол
-	شاتك [šetük]	شاتك [šetük]	мысық
إيت [it]	إيت [it]	إت [it]	ит

Жазба ескерткіштерде берілген үй жануарларының аттарын іштей төмендегідей топтастырсақ болады:

1) Төрт түлік малға байланысты жалпы атаулар Төрт түлік малға байланысты жалпы атаулар: اط [at] – ат, دوا [dewe] – түйе, صغر [sağır] – сиыр, قيون [qoyun] – қой, كشي [keši] – ешкі;

2) Малдың жыныстық ерекшелігіне байланысты атаулар: قطر [qatır] – қашыр, قدق [qoduq] – қодық, إركك [irkek] – еркек жануар атаулының еркегі, تشي [teši] – ұрғашы жануар атаулының ұрғашысы, يكلي در [yükli dür] – жүкті жануарға да адамға да айтылады; قجقار [qošqar] – қошқар, تشي قيون [teši qoyun] – ұрғашы қой, اكز [ögüz] – өгіз, بغا [buğa] – бұқа;

3) Малдың жас ерекшелігіне байланысты атаулар: طاي [tay] – тай, قسرق [qısraq] – қысырақ, ايغر [ayğır] – айғыр, قطر [qatır] – қашыр, قدق [qoduq] – қодық, بطا [bota] – бота, قزي [qozı] – қозы, بغا [buğa] – бұға, طنا [tana] – тана, بزغ [buzağ] – бұзау.

ғ) Аң атаулары. Аңшылық ерте кезеңнен бастап түркі халықтарының асыл өнері, кәсібі, күнделікті тіршілік көзі болғандығы белгілі. Тарихта мәмлүк сұлтандарының да жиі аңшылыққа шыққандығы туралы деректер кездеседі. Бұл осы саладағы терминдердің қалыптасуына ықпал етті. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің сөздік қорында *арсылан* (арыстан) және *барс* (барыс) сөздері жиі қолданылады. Мәмлүктер кезіндегі антропонимдер құрамында барыс сөзі кездеседі. Мұндай кісі аттары 5%-ды құрайды. А.М. Щербак ежелгі түркі тілінде де кездесетін арсылан сөзін арсыл және аң деп екі түбірге бөліп қараса [*Щербак А.М., 1961, с. 11-13*], Б. Сағындықұлы «*арыс* – еліктеуіш сөз, оған қосылған *лан*, *тан* – анықтауыш сөз» деп қарыстырған. Ал соңындағы алан сөзі түсті білдіретін ала сын есімі болуы мүкін деп болжайды [*Сағындықұлы Б., 1994*]. Орта түрік тілінің лексикасын зерттеген М.Б. Сабыр ала сөзі түсті емес, мықтылықты білдіретіндігін айтады [*Сабыр М., 2004, б. 136*].

Тәржұман	**Әд-Дурра**	**Әл-Қауанин**	**Мағынасы**
جنوار [janwar]	جنوار [janwar]	جنوار [janwar]	жануар
اسلان [aslan]	ارسلان [arslan]	ارسلان [arslan]	арыстан
برس [bars]	برس [bars]	برس [bars]	барыс
قفلان [qaflan]	قفلان [qaflan]	قفلان [qaflan]	қабылан
-	ميمون [meymun]	ميمون [meymun]	маймыл
كايك [keyik]	كايك [keyik]	كيك [keyik]	киік
طوشان [tawšan]	طوشان [tawšan]	طوشان [tawšan]	қоян
طنغوز [toňuz]	طنغوز [toňuz]	ضنغز [doňuz]	доңыз
-	-	بوري [böri]	бөрі
-	-	قلان [qulan]	құлан
أيوا [ayu]	أيوا [ayu]	أيو [ayu]	аю
-	تلكي [tilki]	-	сиыр
قورط [qurt]	قورط [qurt]	قرط [qurt]	құрт
يلان [yılın]	يلان [yılın]	يلان [yılın]	жылан
قمرسقا [qumırsqa]	قرنجه [qarınša]	قرنجا [qarınša]	құмырсқа
صجقان [sıšqan]	صجقان [sıšqan]	صشقان [sıšqan]	тышқан
-	چاكرك [çegirke]	-	шегіртке

ж) Құстардың атаулары. Жалпы ескерткіштегі жан-жануарлар, аң, құс атаулары қазақ тілімен қатар басқа да түркі тілдерінде кездескенімен, кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Мағыналық жағынан көптеген сөздер тұрақтылық сипатқа ие және олар түркі тілдерінің негізгі лексикалық қорынан орын алады. Тарихта көптеген сұлтан, әмірлердің, қарапайым мәмлүктердің есімдерінде құс атаулары кездесетіні белгілі. Олардың көпшілігі Мысырда топонимдер ретінде әлі күнге дейін кең қолданыста. Сондай атаулардың бірі болып табылатын *сұңқар* сөзі мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің барлығында кездеседі. Ескерткіштерде сұңқар сөзі құс атауы ретінде де, антропоним ретінде де берілген. Орта түркі тілінің лексикасын зерттеген М.Б. Сабыр ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде шункор, лачун, тоған (тұйғын) сөздері бір ғана «сокол» мағынасында қолданылғанымен, орта ғасырларда бұл атаулар әр құстың ерекшелігіне

сай даралана бастағанын айтады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерінде *лашын, сұңқұр, тұған* сөздерінің араб тіліндегі баламасы қазақ тілінің лашын, сұңқар және тұйғын сөздеріне сай келетін әртүрлі атаулармен берілген. Қазіргі қазақ тілінде де бұл сөздер жекелеген жыртқыш құстардың атаулары ретінде қалыптасқан

Тәржүман	**Әд-Дурра**	**Әл-Қауанин**	**Мағынасы**
قوش [quš]	قوش [quš]	قوش [quš]	құс
قاز [qaz]	قاز [qaz]	قاز [qaz]	қаз
طاوق [tawuq]	طاوق [tawuq]	طوق [tawuq]	тауық
كورجين [kökeršin]	ككرجين [kökeršin]	ككرجن [kökeršin]	көгершін
-	بدنه [bödene]	بدنه [bödene]	бөдене
طرنا [tırna]	طرنا [tırna]	طرنا [tırna]	тырна
قارقش [qaraquš]	قارقوش [qaraquš]	قارقش [qaraquš]	бүркіт
دوا قشي [dewe quš]	دوا قشي [dewe quš]	دوا قش [dewe quš]	түйе құс
-	-	شفشق [šipšaq]	шымшық
قرغا [qarğa]	قرغا [qarğa]	قرغا [qarğa]	қарға
-	قزغن [quzğun]	قزغن [quzğun]	құзғын
قرلاغاج [qarlağaš]	-	قرلغاش [qarlağaš]	қарлығаш
لاجين [lašın]	لاجين [lašın]	-	лашын
سنقر [suňqur]	سنقر [suňqur]	سنقر [suňqur]	сұңқұр

Құнды этнолингвистикалық дереккөз болып табылатын мәмлүктер билігі кезінде Мысырда жазылған әдеби, діни, әскери-тактикалық және филологиялық трактаттардың тілін зерттеу барысында олардың оғыз тілінің элементтері аралас қыпшақ тілінде жазылғандығы анықталды. Бүгінгі күнге дейін қыпшақтану саласында жүргізілген зерттеулерден мәмлүк-қыпшақтарының мәдениеті, әдебиеті мен тілінің қазақ халқымен тікелей байланысты екенін аңғаруға болады. Тіл саласында жүргізілген көптеген зерттеу жұмыстарында мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер тілінің түркі тілдері ішінде, қазақ тіліне жақындығы дәлелденген.

Жоғарыда аталған түркі-қыпшақ тілінде жазылған көркем-әдеби, діни, әскери-тактикалық бағыттағы жазба ескерткіштермен қатар, грамматикалық еңбектер мен сөздіктердің барлығынан мәмлүктер билігі тұсында Мысыр қоғамындағы қыпшақ тілінің қандай маңыздылыққа ие болғанын көре аламыз. Қазақ елінің тікелей тарихи жазба мұрасы болып табылатын бұл еңбектерді зерттеу арқылы халықтың өткен тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әдебиеті, мәдениеті, тілі туралы құнды мәліметтер алуға болады. Дегенмен мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер әлі күнге дейін қазақ тіліне толық аударылып, жан-жақты зерттелмеген. Бұл еңбектердің әрқайсысы бір ғылыми жұмыстың тақырыбы бола алады. Екі жақты түркі-араб мәдени-тілдік қарым-қатынасы туралы айтқанда мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген түрлі жазба ескерткіштерді тілдік дереккөз ретінде қарастыру қажет. Себебі ондағы тілдік бірліктер мен тілдік образдар осы тілде сөйлейтін халықтың, яғни түркі-қыпшақтарының дүниетанымдық ерекшеліктері мен ұлттық сипатын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ескеев М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 320 б.
2. Қалиева Ш.С. «Шығыстану» мамандығында араб тілінегі жазба деректерді оқыту әдістемесі //Профессор Ә. Кұмісбаевтың шығармашылығы және шығыстану мәселлері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 197 б.
3. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 271 б.
4. Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – М.: Наука, 1975. – 386 с.
5. Сабыр М., Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы //XIV ғ. жазба ескерткішінің негізінде. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 315 б.
6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 160 б.
7. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках //Историческое развитие лексики тюрксих языков. – М.: Наука, 1961. – С. 11-13.